

## **ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі**

**6B01 - Педагогикалық ғылымдар**  
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

**6B015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау**  
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

**0114**  
(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

**B014 - География мұғалімдерін даярлау**  
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

**6B01512 - География-Тарих**  
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

**бакалавр**  
(дайындық деңгейі)

**Оқуға түскен жылы 2023 жыл**

## **Әзірленді**

БББ академиялық комитеті  
АК жетекшісі Мукаев Ж.Т.  
БББ менеджері Нурпейсова А.М.

## **ҚАРАСТЫРЫЛДЫ**

Жаратылыстану-математика факультетінің сапасын  
қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында  
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды  
2023 жылғы "04" " сәуір №4.1 хаттама  
Комиссия Төрағасы Желдыбаева Б.С.

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында 2023 ж. «25» сәуірдегі № 8 хаттама бекітілді.

## **БЕКІТІЛДІ**

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында  
2023 жылғы "01" қыркүйек No 1 хаттама.  
Университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы Орынбеков Д.Р.

## География және тарих пәнінің мұғалімі мамандығына кіріспе

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пән география және тарих пәні мұғалімінің кәсіби қызметінің мәні мен ерекшеліктерін қарастырады, студенттерді мұғалімнің кәсіби стандартының мазмұнымен таныстырады. Студенттер география және тарих пәнінің мұғалімі ретінде кәсіби мансабын жоспарлау туралы түсініктерін қалыптастырады. Білім берудің қазіргі мәселелері мен мектеп географиясы мен тарихының даму тенденцияларын бағдарлауға көмектеседі. Сондай-ақ курсты оқу кезінде кәсіби өзін-өзі дамыту үшін ақпаратты табу және талдау дағдылары қалыптасады.

### Пәнді оқыту мақсаты

педагогикалық қызмет пен кәсіби шеберлік бойынша студенттердің білім алуын қамтамасыз ету.

### Оқыту нәтижелері

ON6 Мектеп пен университеттің географиялық және тарихи пәндер бағдарламасының барлық сұрақтары бойынша оқу материалын күнделікті кәсіби қызметке байланыстыру

ON7 География және тарих сабақтарында оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі әдістерін қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- студенттердің педагогикалық мамандық пен қызметке деген қызығушылығын дамыту;

- педагогтың кәсіби қызметіндегі педагогикалық мәдениеттің, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асырудың базалық негіздерін қалыптастыру;

- студенттердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып тұлғалық және кәсіби өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу процесін белсендіру

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

Педагогика

## Жас ерекшелік психологиясы және физиология

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс адамның анатомиясы мен физиологиясы, жас ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді, жоғары жүйке қызметінің заңдылықтары және адамның жүйке жүйесінің функционалдық ерекшеліктері қарастырылады.

Оқушылардың онтогенездегі психикалық және физиологиялық дамуы, жас ерекшеліктері мен дамуының негізгі заңдылықтары, психофизиологиялық нормаларды есепке алу негізінде баланың дамып келе жатқан тұлғасының маңызды психикалық ерекшеліктері туралы жүйелі түсінігін қалыптастырады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Оқушылардың онтогенездегі дұрыс, ғылыми білімді, адамның ақыл-ой және физиологиялық дамуын мәдени даму аспектісіндегі психология мен физиологиялық дамудың маңызды мәселелері бойынша әр түрлі көзқарастар туралы түсініктерін қалыптастыру. Студенттерді олардың кәсіби психологиялық - педагогикалық және физиологиялық дайындығын нығайтуға, психологиялық-физиологиялық білім бөлімін тереңдетуге ықпал ететін теориялық және практикалық біліммен қаруландыру.

### Оқыту нәтижелері

ON2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериялды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. адамның ақыл-ой және физиологиялық дамуын мәдени даму аспектісіндегі психологиямен физиологиялық дамудың маңызды мәселелері бойынша әртүрлі көзқарастар туралы түсініктерін қалыптастыру.

2. білім алушылардың кәсіби психологиялық - педагогикалық және физиологиялық дайындығын нығайтады.

3. психологиялық-физиологиялық білімбөлімін тереңдетуге ықпал ететін теориялық және практикалық біліммен қаруландыру.

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

Педагогикалық тәжірибе (психология-педагогикалық)

## Экономикалық-құқықтық және экологиялық білім негіздері

Пән циклі	Жалпы білім беру пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, экономика, кәсіпкерлік және көшбасшылық, экология және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы негізгі мәселелер мен қағидаттарды қамтитын интеграцияланған пән болып табылады.

Нормативтік құқықтық актілерді пайдалану ерекшеліктері, Қоғамның іскерлік, этикалық, қоғамдық, экономикалық, кәсіпкерлік және экологиялық нормаларын пайдалана білу. Экологиялық-құқықтық, экономикалық, кәсіпкерлік қатынастардың, көшбасшылық қасиеттердің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қағидаттарының ерекшелігі.

## **Пәнді оқыту мақсаты**

Антропогендік әсер ету және төтенше жағдайлар жағдайында тірі организмдердің, тұтастай биосфераның жұмыс істеуінің негізгі заңдылықтарын және олардың тұрақты даму тетіктерін зерделеуден тұрады; сыбайлас жемқорлық ұғымын, оған қарсы күрестің заңдылығын, мемлекеттік қылмыстық-атқару саясатының мазмұнын түсінуден; білім алушыларда Экономикалық теория негіздері бойынша базалық іргелі тұрақты білімді қалыптастырудан, экономикалық ойлау іскерлігі мен дағдыларын сіңіруден; студенттерді кәсіпкерлік теориясы мен практикасымен, өз ісін құру негіздерімен таныстырудан; көшбасшылық қасиеттерді дамыту және жетілдіру.

## **Оқыту нәтижелері**

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

## **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) Тіршілік әрекетінің маңызды басымдықтары ретінде табиғи ортаның қауіпсіздігі мен сақталу мәселелерін талдайды;
- 2) Табиғат пайдалану және орнықты даму негіздерін білетіндігін көрсетеді, техногендік жүйелердің қоршаған ортаға әсерін бағалайды;
- 3) Қазақстан Республикасының негізгі нормативтік-құқықтық актілерін білуін, оларды түсінуін және қолданылуын көрсетеді;
- 4) Экономикалық процестердің даму заңдылықтары туралы білімдерін көрсетеді, өз ұстанымын нақты тұжырымдайды, оны қорғаудағы дәлелдерді табады және нақты баяндайды.

## **Пререквизиттер**

Мектеп курсы

## **Постреквизиттер**

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

## **Педагогика**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

## **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пәннің мазмұны білім алушыларда педагогикалық ғылымның теориялық – әдіснамалық негіздері және кәсіби – педагогикалық іс-әрекеттің мәні туралы тұтас көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Курсты оқу білім беру ортасында тұтас педагогикалық процесті ұйымдастырудың мазмұны, принциптері, формалары мен әдістері туралы қажетті білімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Курсты оқу білім алушыларда оқу мен оқытудағы заманауи тәсілдерді сәтті жүзеге асыру үшін қажетті құзыреттерді қалыптастырады.

## **Пәнді оқыту мақсаты**

Педагогика оқу пәні ретінде студенттерде педагогика объектісі мен пәні, оның функциялары, категориялық аппарат, ғылым әдіснамасы туралы білімді қалыптастыруды мақсат етеді. Курсты оқу білім алушылардың білім беру мекемесі жағдайында педагогикалық процесті жобалау мен бағалауда қажетті құзыреттілігін қалыптастыруды көздейді. Пән тақырыптарының мазмұны оқыту мен тәрбиелеудің формаларын, құралдарын, әдістерін таңдауда және сәтті қолдануда білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

## **Оқыту нәтижелері**

ОН2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериялды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

## **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

ОН2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериялды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

1. Пән теориясы бойынша негізгі ұғымдарды біледі
2. Педагогикалық дайындық жүйесінде білімді меңгерген және тұтас педагогикалық үдерісті ескере отырып шешім қабылдайды
3. Педагог мамандығының негізгі дағдыларын қолданады

## **Пререквизиттер**

Мектеп курсы

## **Постреквизиттер**

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

## **Оқу практикасы**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	2
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

## **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Студенттер пәннің типтік оқу бағдарламалармен, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың құрылымымен және мазмұнымен, нормативтік-құқықтық базамен, оның ішінде кәсіптік қызметтегі жаңартылған орта білім беру мазмұнымен, педагогикалық іс-әрекеттің сипаттарымен, мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттерімен, педагогикалық құзыреттілікпен танысады. Білім алушылар география және тарих пәнінің мұғалімі ретінде кәсіби мансабын жоспарлау туралы түсініктерін және мұғалімдік мамандыққа қызығушылығын қалыптастырады.

## **Пәнді оқыту мақсаты**

Студенттерге болашақ педагогтың дамуы мен шығармашылық қалыптасу үшін қажетті іскерлік мен дағдыларды меңгерту.

## **Оқыту нәтижелері**

ОН6 Мектеп пен университеттің географиялық және тарихи пәндер бағдарламасының барлық сұрақтары бойынша оқу материалын күнделікті кәсіби қызметке байланыстыру

ON7 География және тарих сабақтарында оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі әдістерін қолдану.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

студенттердің педагогикалық мамандық пен қызметке деген қызығушылығын дамыту;

- педагогтың кәсіби қызметіндегі педагогикалық мәдениеттің, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асырудың базалық негіздерін қалыптастыру;

- студенттердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып тұлғалық және кәсіби өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу процесін белсендіру.

### **Пререквизиттер**

География және тарих пәнінің мұғалімі мамандығына кіріспе

### **Постреквизиттер**

Педагогикалық практика

## **Инклюзивті білім беру**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Курс барысында студенттер инклюзивті білім берудің принциптері мен әдістемелік негіздері туралы білімдерін қалыптастырады. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауға, инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуде туындайтын кедергілерді болдырмауға, сондай-ақ инклюзивті білім беру саласындағы ұйымдастырушылық және басқару құзыреттеріне қатысты заманауи талаптардың жаңа үлгілері туралы идеялар қалыптасады. Білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үлгілері туралы білімді меңгереді.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Бұл пәннің мақсаты-студенттерді білім берудегі инклюзивті процестерді ұйымдастыру мен басқарудың негізгі ережелерімен таныстыру; инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметке дайын, балалар мен олардың отбасыларына әлеуметтік психологиялық-педагогикалық қолдау көрсете алатын, олардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық студенттер үшін білім беру бағытын құрудың инновациялық технологияларын меңгерген динамикалық, тиімді, өзін-өзі жетілдіретін маман қалыптастыру.

### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. мүмкіндігі шектеулі балалардың интеграциясы туралы ғылыми-практикалық идеялар қалыптасуда.
2. инклюзивті практика жағдайында білім беру ұйымдарының әдістемелік, басқарушылық жұмысымен танысады.
3. инклюзивтік білім беру ұйымдарында білім беру үдерісінде мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім беру ерекшеліктерін түсінеді.

### **Пререквизиттер**

Жас ерекшелік психологиясы және физиология

### **Постреквизиттер**

Педагогикалық тәжірибе (психология-педагогикалық)

## **Жалпы жертану**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл оқу курсының оқыту барысында жердің географиялық қабығының құрамдас бөліктері мен жалпы планетарлық қасиеттері, ландшафт және ландшафт сферасы туралы ілім, физикалық географияның зерттеу әдістері мен ғылыми бағыттарын толығымен қарастырады.

Студенттер жаратылыстану циклі пәндерінен алған білімдерін ескере отырып, жердің құрамдас қабықшаларын (атмосфера, гидросфера, литосфера, биосфера) зерттеп, олардың ерекшеліктері мен даму заңдылықтары туралы жүйелі білім алады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Географиялық қабық, оның құрылымы, географиялық орта мен қоғамның арасындағы өзара қатынас жайында білімдерді қалыптастыру.

### **Оқыту нәтижелері**

ON9 Табиғат кешендерінің қалыптасу заңдылықтарын сипаттау және қазіргі кезеңдегі табиғат пен қоғамның өзара байланысу ерекшеліктерін анықтау.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

-География ғылымының жағдайы мен даму болашағын және оның табиғат пен қоғам туралы қазіргі ғылыми білімдердегі рөлін түсіндіру;

- аумақты немесе географиялық қабықтың әртүрлі құрамдас бөліктерін салыстырмалы талдауды жеңілдететін табиғи құбылыстар арасындағы байланыс графиктерін, диаграммаларды талдау;

- аумақтардың климаттық, гидрологиялық және басқа да табиғи сипаттамаларын мәтіндік, кестелік немесе графикалық түрде әртүрлі көздерден құрастыру;

### **Пререквизиттер**

Мектеп курсы

### **Постреквизиттер**

## Жаңартылған білім мазмұнының технологиясы және өлшемдік бағалау

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Критериалды бағалау технологиясы курсы негізгі құзыреттіліктерді қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық заңдылықтарына негізделеді, оның әдістері мен субъективті формалары оқу іс-әрекетінің субъектілеріне тікелей байланысты. Курс барысында студенттер жоспарлау мәселелері және білім беруді қалыптастырушы және жиынтық бағалау процестерін ұйымдастыру жолдарын сонымен қатар, негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдерінің іс-әрекетіндегі оқушылардың жетістіктерін бағалау критерийлерін толықтай меңгеріп шығады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Болашақ мұғалімдерге жаңартылған білім беру мазмұны туралы толық ақпарат беру арқылы олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру

### Оқыту нәтижелері

ON2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- Оқушыларды критериалды бағалау технологиясын, жоба қызметінің нәтижелерін, оқу үдерісінің нәтижелерін, оқушылардың оқу жетістіктерін, оқушылардың оқу іс-әрекетін түсіндіру;
- Критериалды бағалау позициясынан білім беру үдерісіне қатысушылардың білім беру қызметінің нәтижелерін анықтау;
- Білім беру мекемесінің қызметінде критериалды бағалауды жүзеге асыру

### Пререквизиттер

Педагогика

### Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

## Абай әлемі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән тарихи фактілерді, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының идеялық-эстетикалық құндылықтарды қалыптастыратын философиялық-көркемдік негіздерін игерте отыра, студенттің өз пікірін айта білу, практикалық дағдыларды және адамгершілік, адалдық, көркем мінез сияқты адами қасиеттерді қабылдауды меңгертеді. Қазақ әдебиеті қаламгерлерінің данышпандық қырлары мен М.Әуезовтің Абай мұрасын зерттеу, насихаттаудағы рөлін, шығармаларының тарих, әдебиет, ғылым үшін маңызын айқындайды.

### Пәнді оқыту мақсаты

Философиялық және дүниетанымдық болмыстың мағынасын қалыптастыру, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов шығармаларында көтерілген мәселелерді түсіну және алған білімді күнделікті өмір тәжірибесінде қолдану.

### Оқыту нәтижелері

ON 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасына қатысты тарихи фактілерді, шығармалардың философиялық-көркемдік негіздерін талдайды
- 2) Абайдың философиялық-көркем шығармаларының гуманистік идеяларын практикада қолданады
- 3) Абай еңбектерінің әдебиет және ғылым тарихындағы орны мен маңызын бағалайды

### Пререквизиттер

Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)

### Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

## Педагогикалық тәжірибе

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	1
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Теориялық білімдерін тереңдету және бекіту және оларды нақты педагогикалық мәселелерді шешуде қолдану жолдарын үйрену. Кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерді, педагогикалық іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру және дамыту. Студенттерді инновациялық шығармашылық ойлау түріне тәрбиелеу. Белгілі бір тақырып бойынша сабақ жүйесін жоспарлауға және география мен тарихты оқытудың әр алуан тәсілдері мен әдістерін таңдауға, пәнаралық байланыс орнатуға, оқытудың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық функцияларын ескере отырып, сабақтың қысқаша мазмұнын құрастыруға үйрету.

### Пәнді оқыту мақсаты

ЖОО - да алынған теориялық білімдерді бекіту, тереңдету және дамыту, кәсіби қабілеттерді, спецификалық (педагогикалық) ойлау қабілетін жетілдіру, кәсіби жеке тұлғалық сапаларды қалыптастыру, студенттерді пәндік мұғалім және сынып жееткшісі ретіндегі функцияларды толық орындай білуге дайындау.

#### **Оқыту нәтижелері**

ON6 Мектеп пен университеттің географиялық және тарихи пәндер бағдарламасының барлық сұрақтары бойынша оқу материалын күнделікті кәсіби қызметке байланыстыру

ON7 География және тарих сабақтарында оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі әдістерін қолдану.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жаңа білім алуға;
- 2) педагогикалық қызметтің жұмыс принциптері мен әдістерін түсіну;
- 3) ақпаратты іздеу, сыни талдау және синтездеу, қойылған міндеттерді шешуде жүйелі тәсілді қолдану.

#### **Пререквизиттер**

Педагогика

#### **Постреквизиттер**

Педагогикалық тәжірибе

### **Оқу-далалық тәжірибе**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	2
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Оқу практикасында студенттер карталармен, шартты белгілермен жұмыс жасауды, жергілікті жерді картасыз және картамен бағдарлауды, жергілікті жердің топографиялық планын сызуды, метеорологиялық шамалардың қарапайым өлшемдерін және атмосфералық құбылыстарды бақылауды, метеорологиялық бақылаулардың мәліметтерін өңдеу және талдауды меңгереді.

Археологиялық зерттеу әдістерімен таныса отырып, студенттер археологиялық зерттеулерге тікелей далалық археология барысында қатысады және археологиялық барлау мен қазба жұмыстарының әдістемелік негіздерін игереді.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

студенттердің далалық бақылау және зерттеу дағдыларын дамыту.

#### **Оқыту нәтижелері**

ON3 Теориялық және практикалық тапсырмаларды түсіндіру кезінде тарихи пәндер саласындағы негізгі ережелерді, ұғымдар мен заңдарды интеграциялау.

ON9 Табиғат кешендерінің қалыптасу заңдылықтарын сипаттау және қазіргі кезеңдегі табиғат пен қоғамның өзара байланысу ерекшеліктерін анықтау.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. студенттердің аудиториялық сабақтарда алған теориялық білімдерін бекіту
2. далалық зерттеулер әдістемесін меңгеру, бастапқы құжаттаманы жүргізу (портфолио жасау);
3. далада өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту

#### **Пререквизиттер**

Картография топография негіздерімен Метеорология климатология негіздерімен Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы

#### **Постреквизиттер**

Педагогикалық практика

### **Тарихты оқыту әдістемесі**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Тарих сабағын ұйымдастырудың тәсілдері және оқу процесінде жаңартылған бағдарлама негізінде орта мектепте тарихты оқытудың теориялық мәселелері қарастырылады. Тарих сабағын өтуде көрнекі құралдармен, тарихи құжаттармен, тест тапсырмаларын орындау, дәстүрлі, дәстүрлі емес сабақ түрлерін және сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру жолдарымен танысып, оны практикалық сабақ пен педагогикалық іс-тәжірибеден өту барысында қолдану дағдысын игереді.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Тарихты оқыту әдістемесі бойынша кешенді білімді қалыптастыру

#### **Оқыту нәтижелері**

ON6 Мектеп пен университеттің географиялық және тарихи пәндер бағдарламасының барлық сұрақтары бойынша оқу материалын күнделікті кәсіби қызметке байланыстыру

ON7 География және тарих сабақтарында оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі әдістерін қолдану.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) мектептегі тарих сабақтарында білім беру процесін құру негіздерін анықтау
- 2) сабақтың күнтізбелік-тақырыптық жоспарын және жоспар-конспектін әзірлеу
- 3) өзінің педагогикалық қызметінің нәтижелерін ұсынуға міндетті.

#### **Пререквизиттер**

Педагогика

#### **Постреквизиттер**

Орта мектепте туған өлке тарихын оқыту

### **Электрондық білім беру ресурстары**

Пән циклі	Базалық пәндер
-----------	----------------

Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл оқу курсы педагогикалық бағыттағы мамандық студенттерінің заманауи ақпараттық-коммуникативтік және білім беру технологиялары аумағындағы икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру үшін оқытуға бағытталған. Курс бір-біріне тәуелсіз модульдарды қамтитын құрылымға ие. Курс бойынша электронды оқу материалдарын жасау әдістерімен танысады.

Цифрлық білім беру ресурстарын құру үшін заманауи құралдар мен онлайн сервистердің мүмкіндіктерін зерделеу графика мен инфографика құруға арналған құралдармен жұмыс істеуді қалыптастырады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Кәсіби міндеттерді шешуде электрондық білім беру ресурстарын қолдану мүмкіндіктерін зерттеу.

### **Оқыту нәтижелері**

ON4 Білім беру ресурстарын оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық технологияларды және заманауи ақпарат құралдарын пайдалана отырып әзірлеу.

ON5 Тәжірибелік-зерттеу жұмысының нәтижелерін есеп, ғылыми баяндама, хабарлама, қорытынды түрінде түсіндіру.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) Электрондық білім беру ресурстарын, цифрлық білім беру ресурстарын, білім беру сайттарын және электрондық курстарды құрудың заманауи құралдары мен қызметтерін дамыту кезеңдерін, білім беру платформаларымен, порталдарымен және сайттарымен жұмыс істеуді меңгеру

2) әртүрлі заманауи білім беру технологияларын пайдалана отырып, ең қарапайым электронды білім беру ресурстарының сценарийлерін әзірлеу: интеграциялық және дамыта оқыту, ақпараттық, студентке бағытталған және т.б.;

3) электрондық білім беру ресурстарын құру әдістемесінің негізгі сорттарын, ерекшеліктерін пайдалану.

### **Пререквизиттер**

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

### **Постреквизиттер**

Географияны оқытуда АКТ қолдану

## **Педагогикалық практика**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Педагогикалық практика студенттердің алдыңғы курстарда алған білімдерін жетілдіріп, тәжірибе жүзінде қолдануды, сабақ өткізудің әр түрлі әдіс тәсілдерін үйренеді. Тәжірибе кезінде мектеп оқушыларына педагогикалық-психологиялық анализ жасауды, жаңартылған білім беру технологияларын қолдана отырып, сабақ жоспарын жасап, оны тәжірибе жүзінде тиімді пайдалануды толық меңгереді.

Студенттер тәжірибе кезінде алған білімдерінен анализ жасап қорытындылауды, іс-қағаз жұмыстарын реттеу жолдарын қалыптастырады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Студенттердің таңдаған мамандығы туралы толық түсініктерін қалыптастыру, кәсіби қызметтің негізгі түрлері мен бағыттарымен танысу.

### **Оқыту нәтижелері**

ON6 Мектеп пен университеттің географиялық және тарихи пәндер бағдарламасының барлық сұрақтары бойынша оқу материалын күнделікті кәсіби қызметке байланыстыру

ON7 География және тарих сабақтарында оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі әдістерін қолдану.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жаңа білім алу;

2) жұмыс принциптері мен педагогикалық қызмет әдістерін түсіну;

3) ақпаратты іздеуді, сыни талдауды және синтездеуді жүзеге асыру, қойылған міндеттерді шешу үшін жүйелі тәсілді қолдану.

### **Пререквизиттер**

Оқу практикасы Педагогикалық практика

### **Постреквизиттер**

Дипломалды практика Өндірістік (педагогикалық) практика

## **Географияны оқытуда АКТ қолдану**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл пән студенттерді география сабақтарында әртүрлі білім беру қосымшалары мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мүмкіндіктерімен таныстырады. Студенттер цифрлық білім беру ресурстарын құру тәсілдері мен қызметтерін оқып танысады, мектептегі география сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануды үйренеді. Студенттер білім беру платформаларымен, сайттарымен жұмыс істеу дағдыларын игереді және алған білімдерін кәсіби қызметінде қолдануды үйренеді.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Студенттердің кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында, ғылыми және практикалық жұмысында, өз бетінше білім алуда және басқа да мақсаттарда заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға мүмкіндік беретін кәсіби және

тұлғалық құзыреттерді меңгеру.

### **Оқыту нәтижелері**

ON4 Білім беру ресурстарын оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық технологияларды және заманауи ақпарат құралдарын пайдалана отырып әзірлеу.

ON5 Тәжірибелік-зерттеу жұмысының нәтижелерін есеп, ғылыми баяндама, хабарлама, қорытынды түрінде түсіндіру.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) ақпаратты жинау, өңдеу және талдау үшін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану бойынша білімін көрсету;

2) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен электронды оқытудың принциптерін түсіндіру;

3) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы негізгі тенденцияларды анықтау;

### **Пререквизиттер**

Электрондық білім беру ресурстары

### **Постреквизиттер**

Өндірістік (педагогикалық) практика

## **Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы**

Пән циклі Бейіндеуші пәндер

Курс 3

Академиялық кредит саны 5

Білімді бақылау нысаны Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Курс барысында студенттер материктер табиғатының әртүрлілігі туралы физикалық-географиялық білім жүйесін қалыптастырады және

мұхиттар мен аумақтың аймақтық ерекшелігін анықтайтын табиғи факторлар мен

су айдындары, олардың адам өміріне және экологиялық жағдайына әсерін толықтай қарастырады. Курс негізінде материктер мен мұхиттардың табиғатының алуан түрлігі терең қарастырылып және жер шарының физикалық географиялық ерекшеліктері толықтай сипатталады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Материк, ел, аймақ сияқты үлкен таксономиялық дәрежедегі табиғи геожүйелердің қалыптасуының, қызмет етуінің, кеңістіктік дифференциациясының және экономикалық пайдалануының жалпы планетарлық және аймақтық заңдылықтарын білу.

### **Оқыту нәтижелері**

ON9 Табиғат кешендерінің қалыптасу заңдылықтарын сипаттау және қазіргі кезеңдегі табиғат пен қоғамның өзара байланысу ерекшеліктерін анықтау.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясының жалпы теориялық негіздері туралы білімі көрсету

2) Жер шарының әртүрлі аймақтарының табиғат ерекшеліктерін түсіндіру;

3) Географиялық ақпаратты өңдеу, талдау және синтездеу үшін географиялық зерттеу әдістерін қолдану

### **Пререквизиттер**

Жалпы жертану

### **Постреквизиттер**

Табиғатты пайдалану және геоэкология

## **Зерттеудің ғылыми негіздері**

Пән циклі Базалық пәндер

Курс 4

Академиялық кредит саны 4

Білімді бақылау нысаны Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл курс болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың негізі ретінде ғылыми - зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, жоспарлау және жүргізу саласында білім алушылардың құзыреттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Курс ғылыми танымның мәнін, ғылыми зерттеу әдістерін, ұйымдастыруды және

зерттеу қызметін жоспарлауды қамтиды. Студенттер курсты оқу кезінде ғылыми - зерттеу жұмысының маңыздылығын, оны ұйымдастыру тәсілдерін түсінеді, оны ғылыми салада тиімді іске асыру жолдарын игереді.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

студенттерді ғылыми қызметтің негізгі түрлерімен және ғылыми зерттеу жұмыстарын іске асыру ерекшеліктерімен таныстыру

### **Оқыту нәтижелері**

ON5 Тәжірибелік-зерттеу жұмысының нәтижелерін есеп, ғылыми баяндама, хабарлама, қорытынды түрінде түсіндіру.

ON8 Ақпарат пен дереккөздерді олардың нақтылығы мен ғылыми сипаты бойынша түсіндіру.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- ғылыми жұмысты ұйымдастыру және жоспарлау принциптерін тұжырымдау;

- экспериментті жоспарлау және жүргізу, өлшеу нәтижелерін өңдеу, эксперимент нәтижелерін теориялық модельдермен салыстыру және ғылыми зерттеу нәтижелерін тұжырымдау;

- ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша баяндама немесе мақала құрастыру.

### **Пререквизиттер**

Географияны оқыту әдістемесі Тарихты оқыту әдістемесі Педагогика

### **Постреквизиттер**

Өндірістік (педагогикалық) практика

## **STEM оқытудың формалары мен әдістері**

Пән циклі Базалық пәндер

Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл оқу курсына студенттер жаратылыстану - математика ғылыми бағыты пәндерінің оқу міндеттерін интеграциялау мүмкіндіктерінің теориялық және әдіснамалық негіздерімен танысады. STEM білім беру саласындағы технологияларды қолдана отырып, заманауи сабақты әзірлеуге үйретеді. Курс студенттерде оқу үдерісі үшін өзекті кейстер мен нақты зерттеу мәселелерін әзірлеу, іздену дағдыларын қалыптастырады. Зерттеу дағдыларын, бірлескен жұмыс пен фактчекингті дамытуға ықпал ететін инновациялық технологияларды қолдануды меңгертеді.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

*Пәнді оқыту мақсаты*

Болашақ мұғалімдердің STEM білім беру мазмұны бойынша қол жетімді және ғылыми зерттеулерді, ақпараттық қоғам, математика, география, химия, биология және техникамен кіріктіруді қоса алғанда, білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру және әртүрлі әдістер мен оқу құралдарын пайдалану.

### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериялды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) оқу мәселесін шешуге қатысты субъектілермен қарым-қатынасқа түсу;
- 2) болашақ іс-әрекеттің бейнесін модельдеу (конструктивті, жобалық, сөйлеу және т.б.);
- 3) идеяны жүзеге асырудың шығармашылық механизмдерін қолдану (өзіндік өнімдер: жобалар, шығармашылық өнертабыстар, модель, ойын және т.б.).

### **Пререквизиттер**

Мектеп курсы

### **Постреквизиттер**

Өндірістік (педагогикалық) практика